«6D030100 – Құқықтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынылған докторант Бегазова Гульнаписа Жандаровнаның «Шаруашылық серіктестіктердің құқықтық жағдайы және корпоративтік басқарудың ерекшелігі» атты диссертациясына отандық ғылыми кеңесшінің

ПІКІРІ

Қазіргі таңда шаруашылық серіктестіктердің құқықтық жағдайы, оларды корпоративтік басқаруға байланысты сұрақтар бүгінгі таңның өзекті мәселелерінің бірі болып отыр. Қазақстан Республикасының Конституциясының 26-бабында әркімнің кәсіпкерлік қызмет еркіндігіне, өз мүлкін кез-келген заңды кәсіпкерлік қызмет үшін еркін пайдалануға құқығы бар екендігі туралы баяндалады. Осы қағидаға сәйкес біз Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік қызметтің еркіндігіне кепілдік берілетінін, бәсекелестіктің бұл қызмет түрінде қолдау табатынын көруімізге болады. Автор диссертациясында Қазақстан Республикасындағы серіктестіктер туралы заңнаманың тұжырымдамасын, даму тарихына, құрылуы ерекшелкітеріне, оларға қатысу шарттарын, мүліктік және басқару мәселелері, серіктестердің жауапкершілігіне байланысты мәселелерді қарастырады.

Қазіргі таңда еліміздің экономикасына әсер етуші субъектілердің ішінде ең көп таралғаны ол – шаруашылық серіктерстіктер болып табылады. Докторант шаруашылық серіктестіктерді ашу барысында, олардың қызмет етуі кезінде көптеген іс-әрекеттерді жүзеге асыруда электрондық нысанда екендігін диссертациясында атап өткен. Сонымен қатар серіктестіктердің қатысушыларының ортақ, субсидиарлық және шектеусіз жауапкершілігі мәселелері салыстырмалы түрде сипатталған. Оның тиімді және тиімсіз жақтарын қарастырған.

Жалпы диссертация зерттеу тақырыбына сәйкес құрылымы, мазмұны, зерттеу мен салыстыру барысы нәтижелері және жалпы қорытындысы логикалық тұтастығымен жүйелі сабақтастықпен сипатталған.

Докторант диссертацияда жұмыстың мақсаты мен міндеттерін дұрыс көрсете отырып, жұмысты жазу барысында барлық көзделген мақсаттар мен барлық міндеттерді орнықты және дәйекті түрде орынадай білді, жұмыс бойынша әр тарауында негізделген қорытындылар бар, жұмыс бойынша қорғауға ұсынылған барлық ережелер ғылыми негізделген және тәжірибелік тұрғыдан өте маңызды сипатқа ие. Атап өтетін болсақ, диссертация бойынша ұсынылған ережелер қазіргі таңдағы шаруашылық серіктестіктерге байланысты заңнаманы жетілдіруге және сот тәжірибесін дамытуға қолданылуы мүмкін, сонымен қатар тәжірибелік тұрғыдан осы саланы реттеуге байланысты жаңа цифрлық қызмет көрсету нысандары мен әдістерін азаматтық құқықтық қатынастар айналымына енгізуге әсер етері сөзсіз деп санаймыз.

ҚР Азаматтық кодексінің нормаларына сәйкес шаруашылық серіктестіктің құрылтайшылардың жарғылық капиталы үлестеріне бөлінген

коммерциялық ұйым шаруашылық серіктестік болып танылады. Сонымен қатар "Шаруашылық серіктестік" ұғымына заңдық тұрғыдағы анықтама "шаруашылық серіктестіктер туралы" ҚР Заңының 1-бабының 1-бөлігінде де берілген, оған сәйкес құрылтайшылардың (қатысушылардың) жарғылық капиталы салымдарына (үлестеріне) бөлінген, өз қызметінің негізгі мақсаты ретінде пайда табуы бар заңды тұлға болып табылатын коммерциялық ұйым шаруашылық серіктестік деп танылады. Диссертант осы ұғымдардың барлығын отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектерін зерттеп, отандық және шетелдік сот тәжірибесін салыстыра отырып, тарихи тұрғыдан статистикалық мәліметтерді және өзекті кейстерді зерттей келе жұмыс бойынша өз қорытындылары мен ережелерін қорғауға ұсынады.

Диссертациялық зерттеудің әдістемелік негізі. Жұмыста жалпы ғылыми және арнайы зерттеу әдістері қолданылған, мысалы: формальды құқықтық әдіс, салыстырмалы құқықтық әдіс, жүйелі құрылымдық әдіс, тарихи құқықтық әдіс, нақты социологиялық зерттеу әдісі.

Салыстырмалы құқықтық, жүйелік, логикалық, талдау және синтез, аналогия, формальды құқықтық және пәнаралық зерттеу әдісі сияқты әдістердің нысаны.

Нәтижелер мен қорытындылардың жарияланымда расталуы.

Диссертациялық жұмыстың тұжырымдары мен қорытындылары негізгі қағидалары мен нәтижелері ҚР ҒжЖБ саласындағы комитет ұсынған басылымдарда және Scopus ақпараттық базасына кіретін журналдарда жарияланған. Негізгі тұжырымдар сонымен қатар, ғылыми халықаралық тәжірибелік конференцияларда, республикалық ғылыми конференция мен дөңгелек үстелдерде баяндалған.

Қорыта келгенде, диссертациялық жұмыс барлық қойылған талаптарға сәйкес жазылған. «Шаруашылық серіктестіктердің құқықтық жағдайы және корпоративтік басқарудың ерекшелігі» атты тақырыбындағы диссертациялық жұмыстың авторы диссертацияның осы айқындаушы белгілеріне сүйене отырып, докторант Бегазова Гульнаписа Жандаровнаның 6D03100-Құқықтану мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін қорғау үшін диссертациялық кеңеске қорғауға ұсынуға болады деп есептеймін.

Ғылыми жетекші,
Қонаев Университетінің ректоры,
заң ғылымдарының докторы, доцент Өмірәлі Ж.Ө.